

Жаңақала ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімінің 2021 жылғы 22 шілдедегі № 9 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 шілдеде № 23669 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімінің 2022 жылғы 3 қарашадағы № 16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімінің 03.11.2022 № 16 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Жаңақала ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Жаңақала ауданы әкімінің орынбасары А.Ж.Мұқамбетжанов тағайындалсын.

3. Жаңақала ауданы әкімі аппаратының бас инспектор-заңгері Н.Тасмағамбетова осы шешімнің Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақала ауданының әкімі

Н. Карагойшин